

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы 2011 жылы атқарған жұмыстарын қорытындылады.

Былтыр облыстық бюджеттен салаға 1,3 млрд теңге бөлінген. Бұл көрсеткіш 2010 жылмен салыстырғанда 61,5 пайызға артық. Оған 16 канал және 34 гидрокүрылыс нысаны жөндеуден өткізілді. 12 650 қожалықтың үй іргелік жерлеріне аяқсу жеткізіліп, 20 238 га шабындықтар мен жайылымдар сугарылды. Орман мекемелерінің жұмысын жетілдіру және нормативтерге сәйкестендіру мақсатында 205 млн. теңгеге арнайы техника мен құрал-жабдықтар алынды.

- Ормандарды сақтау және республиканың орманды жерлерін қобейту жобасы аясында 30 мың га жерге сексеуіл ағашы егілді. 2013 жылға дейін 79 мың га алқап игерілетін болады. Мақсат – Арал теңізінің құрғаған ұлтанын орманға айналдыру, тозған жайылымдық жерлерді қалпына келтіру, - дейді басқарма бастығы Айтбай Қошербайұлы.

Өткен жылы ормандарда ешқандай орт оқиғасы тіркелген жоқ. Бұл қауіпті аймақтарға аншлағтар орнатып, ескерту жұмыстарын кен көлемде жүргізгеннен болса керек. Балық шаруашылығын дамытудың 2010-2020 жылдарға дейінгі бағдарламасы аясында да көптеген бастамалар қолға алынды. 13 қолдi табиғи қол санатынан тауарлы қол, яғни балық шаруашылығы санатына ауыстырудың ғылыми-биологиялық негіздемесі әзірленді. Сондай-ақ балық аулау соңғы 5 жылда 1,5 есеге артқан. Былтыр Камыстыбас қолі мен Сырдария өзені бойына су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнатуға 18,6 млн. теңге бөлініп, ол толықтай игерілді.

Жансая ЖҮНІСОВА